



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№5 (1963) 17 АҚПАН 2025 ЖЫЛ

## Жасампаз жастар ЖИЫНЫ



## Француз орталығы ашылды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да еліміздегі жоғары оқу орындары арасында алғаш рет құрылған Француз орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Француз ғылыми-білім беру орталығының маңыздылығына тоқталып, қос диплом бағдарламалары шеңберінде Қазақстан үшін мамандар даярлаумен белсенді айналысатынын айтты. Франция елшілігі мен Алматы Француз альянсына жобаны іске асыруға көмектескені және Алматыда француз тілі мен мәдениетін дамытуға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірген ректор: «Біз университетіміздің студенттерін ғана емес, сонымен қатар француз мәдениеті мен тілін үйренуге мүдделі кең аудиторияны біріктіретін бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді түрде жәрдемдесетін боламыз», – деді.

Салтанатты рәсімге Францияның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Сильван Гиоге, Француз альянсының президенті Зүлфия Жаркешева, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастар қатысты.

Жаңа орталықтың ресми ашылу рәсімінің лентасын қию салтанаты Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде өтті.

Салтанатты жиында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қатысушылар мен қонақтарды айтулы оқиғамен құттықтады. Ол француз тілі мен мәдениеті университеттің білім беру үрдісінде ерекше орын алатынын және ҚазҰУ жанынан Француз орталығын құру осы бағыттағы маңызды қадам екенін атап өтті. Университет басшысы сондай-ақ 2010 жылы құрылған «Гео-Энергетика» Қазақстан-Фран-

цуз ғылыми-білім беру орталығының маңыздылығына тоқталып, қос диплом бағдарламалары шеңберінде Қазақстан үшін мамандар даярлаумен белсенді айналысатынын айтты. Франция елшілігі мен Алматы Француз альянсына жобаны іске асыруға көмектескені және Алматыда француз тілі мен мәдениетін дамытуға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірген ректор: «Біз университетіміздің студенттерін ғана емес, сонымен қатар француз мәдениеті мен тілін үйренуге мүдделі кең аудиторияны біріктіретін бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді түрде жәрдемдесетін боламыз», – деді.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, білім алушы жастарға көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру мақсатында «Қазақстанның жастары – жасампаз» атты белсенді жастар жиыны өтті.

теттік ғылым студенттерден бастау алу керектігін атап өтіп, мемлекет және білім ордасы тарапынан жастарға әрдайым қолдау көрсетілетінін атап өтті. Сондай-ақ оқу орнының беделі білімге ұмтылған ізденімпаз жастар арқылы көтерілетінін жеткізіп, технология дамыған уақытта жастардың ғылымға жаңаша бет бұрып, тың инновациялық жобаларды іске асыруы қажеттігін жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. Бұл өзгерістер әділетті Қазақстанды құру, заң мен тәртіпті қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген», – деп атап өтті. Біздің ҚазҰУ жастары да жасампаздық танытып, тың идеялар мен игі істердің бастамашысы боларына кәміл сенемін», – деді Ж.Түймебаев.

Кездесу барысында белсенді жастар мен шетелдік студенттер сөз сөйлеп, өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Жалғасы 2-бетте

Еркін форматта өткен іс-шараға жастар ұйымдарының көшбасшылары, шетелдік студенттер, жас ғалымдар және қоғам өміріне белсенді ат-

салысып жүрген волонтерлар жиналды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев универси-



2-бет  
Ғалым әйелдердің күш-қуаты елді дамытады



Қайрат МАРАТҰЛЫ:

4-бет  
Ақпараттық мәдениетті дамыту абзал



5-бет  
Путь к успеху через знания и вдохновение



# Жасампаз жастар ЖИЫНЫ

Соңы. Басы 1-бетте

«8 ақпан күні Астана қала-сында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен «Жаңа адамдар» жастар форумы өтті. Сол шараға университет атынан қатысып, қазіргі таңдағы аса өзекті әлеуметтік мәселелермен жұмыс жүргізіп жүрген замандастарыммен танысып қайттым. Форумда вандализммен, рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен, көмелетке толмаған балаларға ішімдік сатушылармен, есірткі таратушылармен күрес мәселелері қозғалды. Заң мен тәртіп үстемдігін орнатудың маңыздылығы талқыланды. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиялық мәні түсіндірілді. Бүгін форумнан алған әсеріммен сіздермен бөлісе отырып, алдағы уақытта осы түйткілдерді бірге шешуге шақырамын», – деді Президент стипендиясының иегері, «Жастар рухы» жастар қанаты ұйымының төрайымы Әйгерім Есімхан.



«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да білім алу мен үшін мәртебе. Мен мұнда өз білімді жетілдіріп жүрмін. Бұйыртыса, білікті дәрігерлер қатарын толықтырып, халыққа адал қызмет ететін боламын», – деді шетелдік студент Насболла Файзи.

Бүгінде ҚазҰУ-да 54 мем-

лекеттен келген 4 мыңға жуық студент білім алуда. Кездесуде ректор шетелдік студенттердің белсенділігін арттыруды тапсырып, жас ғалымдардың стартап-жобалары мен креативті бастамаларды дамыту мен қолдауға дайын екенін жеткізді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



## Француз орталығы ашылды

Соңы. Басы 1-бетте

Бұл орталық түрлі іс-шаралар, әңгімелесу клубтары мен тақырыптық пікірталастар өткізілетін қарым-қатынас пен мәдени алмасу орнына айналады», – деді елші.

Салтанатты рәсімде Алматы Француз альянсының президенті Зүлфия Жаркешева, қос диплом бағдарламасының түлегі Айым Керей-

құлова, профессор Ержан Беляев және басқа да қатысушылар сөз сөйледі.

Шара аясында білім және ғылым саласындағы әріптестікті одан әрі нығайту мақсатында ҚазҰУ, Француз университеттері мен ұйымдары арасындағы өзара түсіністік туралы үшжақты меморандумға қол қойылды.

Светлана ӨМІРФАЛИЕВА

## Ғалым әйелдердің күш-қуаты елді дамытады



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 11 ақпанда аталып өткен Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күніне орай салтанатты жиын өтіп, университетте табысты еңбек етіп жүрген әйел ғалымдар марапатталды.

Жиында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев отандық ғылымды дамытуға айрықша үлес қосып отырған барша нәзік жандыларды мерекемен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Қазақстанда әйелдерге барлық жағдай жасалған. Кез келген істе әйелдердің кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігі айқын аңғарылады. Әйелдер қауымының жасампаздық қасиеті мен күш-қуаты жаңа Қазақстанның ілгерілеуіне септігін тигізеді деп сенемін», – деп атап өткен болатын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әйел ғалымдардың алатын орны ерекше. Білім ордасында жыл өткен сайын оқу-білімге, зерттеуге ден қойған қыз-келіншектер көбейіп келеді. Кәсіби шеберліктеріңіз, қайсар мі-

нездеріңіз, еңбекқорлықтарыңыз ғылымның сан қырлы саласын дамытуға үлкен үлес қосады», – деді ЖОО басшысы.

Қазіргі таңда оқу ордасында ғылыми зерттеулермен айналысып жүрген 2475 оқытушы-профессордың 1772-сі – әйел азаматтар. Білім ордасындағы жалпы ғалымдар санының 71 пайызы нәзік жандылардың үлесінде.

Университеттегі 647 ғылым докторының 383-і, 697 ғылым кандидатының 498-і, 588 PhD доктордың 391-і және 1 ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Жоғары мектебі Ұлттық ғылым академиясының 3 корреспондент-мүшесі – әйел ғалымдар.

Шара барысында ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін бір топ ғалым әйелге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғыс хаты мен «Шапағат» медалі табысталды. Сонымен қатар жетістікке жеткен ғалым әйелдер Қазақстандағы тіл саласына арналған ведомстволық марапат – «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісі, ҚазҰУ ректорының алғыс хаты және ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін», «Фараби» алтын медалдарымен марапатталды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күніне орай, «Профессор Л.С.Ахметованың ғылыми мұрасы» тақырыбында ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Ғылыми жиынға қоғам қайраткерлері, Қазақстан мен Ресейдің жетекші жоғары оқу орындары және



## ҚазҰУ-да 54 жыл жұмыс істеген профессор

ғылыми-зерттеу институттарының белгілі ғалымдары, журналистер, университет оқытушылары мен студенттер қатысты.

Іс-шарада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев профессор Лейла Сейсенбекқызы Ахметованы мерекемен құттықтап, ғылымдағы елеулі еңбегі мен университеттік ғылымды дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

Лейла Ахметова Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 54 жыл жұмыс істеп келеді. Бүгінге дейін 117 кітап, 1000 ғылыми еңбек, бес монография, бес оқулық шығарды және 1000-нан астам мақала жариялады.

Профессор, тарих ғылымының докторы Л.Ахметова 2016 жылы «Брест бекінісі. Қазақстан» атты кітабын жарыққа шығарды. Онда Брест бекінісінің қорғаушы батырлары – қазақстандықтардың жауынгерлік жолы сипатталған. 1939 жылы Жамбыл облысынан

әскерге шақырылғандар Белоруссияға қызметке жіберілді, олар кейіннен фашистік шапқыншылыққа қарсы тұрған алғашқылардың бірі болып, Брест бекінісін қорғады. 2020 жылы «Панфиловшылар – біздің мақтанышымыз, даңқымыз» атты кітабы жарық көрді. Л.Ахметова Еуразия халықтары ассамблеясының тарихи жадыны сақтау жөніндегі комиссиясының төрағасы және Панфиловшылар ұрпақтары мен олардың достарының Халықаралық қауымдастығының төрағасы.

Іс-шарада Еуразия және Африка халықтары ассамблеясы бас хатшысының орынбасары Валерий Рузиннің, Брест бекінісінің қорғаушысы Амангелді Дәуренбаевтың немересі, ҚазҰУ профессоры, академик Мұхамбетқали Бүркітбаевтың, Беларус

өкілдерінің, Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиеваның, Ауғанстан ардагерлер одағының төрағасы Мұрат Әбдішүкіровтің, «Офицерлер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, генерал-майор Махмұт Телеғұсовтың және тағы басқалардың баяндамалары тыңдалды.

Семинар аясында қатысушыларға «2025 жылғы 9 мамырдағы Жеңіс мерейтойына арналған біздің Отанға тартуымыз» атты халықаралық мегажобаны өткізу бойынша жартыжылдық есеп таныстырылды.

Семинар әйелдердің ғылымдағы рөліне және олардың әртүрлі ғылыми пәндердің дамуына қосқан үлесіне қатысты өзекті мәселелерді талқылауға арналған алаңға айналды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

# Мақсат – айқын, бағдар – анық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында еліміздің өткен жылдағы басты оқиғалары мен түрлі саладағы негізгі мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Биыл алдымызда күтіп тұрған жаңа бастамалар мен өзгерістерді де атап өтті.



Омбы, Ыстамбұл қалаларында ашылып, іске кірісті. Университетте Қытай, Ресей университеттерінің бөлімшелері жұмысын жүргізе бастады. Мемлекет басшысы сұхбатында Қытаймен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту қазақ

Сондай-ақ Ақтау битум зауытының өндірістік қуаты арта түседі. Еліміздің битум өндіру зауыттары жылына шамамен 1 млн тоннаға жуық битум өндіреді. Бірақ битумға деген сұраныс шамамен 1 млн 300 мың тоннаны құрайды. Битумның жетіспейтін мөлшері шетелдерден сатып алынады. Ақтау битум зауытының қуаты артса, осы жетіспеушілікті толығымен өз еліміздің зауыттары қанағаттандыра алады деген сенімдемеміз. Бұл сонымен қатар жолдардың сапасын арттыруға, республикалық маңызы бар күре жолдардың салынуын аяқтауға мүмкіндік береді. Елімізді газбен қамтамасыз ету үшін «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбыры, «Жаңаөзен – Ақтау» газ құбырының төртінші желісі, сондай-ақ Атырау облысындағы автоматтандырылған газ тарату стансасы іске қосылатын болады.

Жоғары білім саласында елімізде шетелдің 10-нан астам беделді жоғары оқу орнының бөлімшесі ашылды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалдары Бішкек,

дипломатиясындағы маңызды міндеттің бірі болып қала беретініне тоқталды. Соның жемісті нәтижесінің бірі – 2024 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Химиялық физика және материалтану кафедрасы мен Нанкин университеті бірігіп Қазақ-Қытай энергосыйымды және наноматериалдар зертханасын ашты.

Ғылым-білім саласында бұдан да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін инфрақұрылымды жаңғырту, оқу орындарында оқытушылардың мәртебесін арттыру мәселелерін шешу қажеттігі күн тәртібіне қойылды. Осы мәселелер шешімін тауып жатса, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің әлеуеті артып, ел экономикасына қосар үлесі де көбейетіні сөзсіз. Мемлекет басшысы сұхбатында «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деп нақты атап өтті. Осы мақсатқа жету үшін ел болып бірігіп, жұмыла еңбек еткеніміз жөн.

**Ердос ОҒАРБАЕВ,**  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ профессоры

# Мемлекеттік институттардың әділетті қоғам құрудағы рөлі

Қазір әлемде тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) кеңінен таныла бастады. Олардың ішінде ТДМ-16 бағыты – Бейбітшілік, әділеттік және тиімді институттар ерекше маңызға ие. Бұл мақсаттың басты ұстанымы – қоғамдағы әділеттілікті қамтамасыз ету, құқық үстемдігін нығайту және мемлекеттік институттардың ашықтығы мен есептілігін арттыру.



қосылды. Мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы және ашықтықтың артуы жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

Әділетті қоғам қалыптастыруда мемлекеттік институттардың атқаратын рөлі зор. Қазақстанда бұл бағытта бірқатар жүйелі реформалар жүргізілуде. Олардың ішінде құқық қорғау жүйесін жаңғырту, сот билігінің тәуелсіздігін күшейту және мемлекеттік қызмет көрсетудің ашықтығын қамтамасыз ету шаралары бар.

## 1. Құқық үстемдігі және сот жүйесінің тәуелсіздігі

Құқық үстемдігі – әділетті қоғамның негізі. Елімізде сот реформалары жүргізіліп, судьялардың тәуелсіздігі мен бейтараптығын күшейту бағытында кешенді шаралар қабылданды. Сот процестерін цифрландыру, «Электронды сот» жүйесін енгізу және сот ашықтығын қамтамасыз ету – осы бағыттағы маңызды қадамдар.

## 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Мемлекеттік институттардың тиімділігі олардың сыбайлас жемқорлықтан ада болуымен тығыз байланысты. Қазақстанда бұл мәселені шешу мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жұмыс істейді. Сондай-ақ «Адалдық алаңы», «Цифрлық үкімет» сынды бастамалар іске

## 3. Азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы

Азаматтардың мемлекеттік басқару процесіне қатысуы – әділетті қоғамның ажырамас бөлігі. Қазақстанда қоғамдық кеңестер, электронды петициялар жүйесі және ашық деректер платформасы енгізілуде. Бұл бастамалар халықтың пікірін ескеруге және билік органдарының жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік институттар – әділетті қоғам құрудағы басты тірек. Қазақстанда сот реформалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және азаматтық қоғамды дамыту бағытында маңызды қадамдар жасалуда. Тиімді, ашық және әділ мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру – елдің тұрақты дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттырудың басты шарты.

Әділеттілік қағидаларына негізделген қоғам – тек мемлекеттік биліктің ғана емес, әрбір азаматтың да жауапкершілігі. Сондықтан әрбір азамат әділеттілік пен ашықтықты қолдап, елдің болашағы үшін өз үлесін қосуы тиіс.

**Арайлым МАҚҰЛБЕКҚЫЗЫ,**  
заң ғылымының магистрі,  
оқытушы

Филология факультетінің Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы «Әдебиеттану» мамандығының 2-курс магистранттары Еуразия гуманитарлық институты жанындағы А.Құсайынов атындағы ғылыми-зерттеу орталығында ғылыми тағылымдамадан өтті. Магистранттар осы уақыт аралығында аталған ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен белгілі ғалымдардың дәрістерін тыңдап, түрлі шараға қатысты.

# Тәлімге толы тағылымдама



кербекқызының «Әдебиеттану бойынша зерттеу жұмысын жүргізу», Н.Назарбаев университетінің профессоры Ермек Адаеваның «Академиялық сауаттылықтың теориялық негіздері», Ш.Шаяхметов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Гүлшат Түсіпованың «Болашақ» бағдарламасының тәжірибесі негізінде «Академиялық мәтін жазу шеберханасы – мақала бөлімдерінің мақсатын түсіну», PhD, доцент Мөл-



дір Аманқазықызының «Жоғары оқу орнында ғылыми жоба дайындау және жүзеге асыру жолдары» тақырыптарында оқыған дәрістерінен бүгінгі ғылымның даму сатысы, шетелдегі ғылым дамуымен салыстыра қарағанда біздегі зерттеу жұмысының бағыт-бағдары, ғылыми мақаланың құрылымы туралы тың мағлұматтар алды. Сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы мен туркітанушы, философия докторы (PhD) Марлен Ерланұлы-

ның «Абай және Шәкәрім тіліндегі көнерген сөздердің тарихи-салыстырмалы сөздігі» кітабының тұсаукесеріне қатысып, Ш.Құрманбайұлының дәрісін тыңдады. Аталған шарада қос ақын шығармаларында кездесетін көнерген, өзге тілден енген сөздердің түп-төркіні, мән-мағынасы жан-жақты талқыланды. Тағылымдама барысында магистранттар АЛЖИР мемориалдық музей кешеніне, ҚР Ұлттық музейіне барып, тарих беттеріне тағы

бір рет шолу жасады. Елдің басынан өткен зардап пен қайғыға толы нәубет жылдарға қатысты деректер, түпнұсқа жәдігерлер санада сақталған көп ақпаратты айшықтай түскендей болды.

Ғылым-білім, тарих, әдебиет, өнер, мәдениет салалары тұтас қамтылған ғылыми тағылымдама барысында магистранттардың алғаны көп. Білгендерін толықтырумен қатар, өз мамандықтары бойынша ғылым саласындағы тың жаңалықтарға қаныққаны анық. Екі аптаға созылған тәлімге толы тағылымдама соңында А.Құсайынов атындағы ЕАГИ ғылым және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор Қ.Ахметов жас ғалымдарға сәттілік тілеп, арнайы сертификат табыстады. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған бұл шараның нәтижесінде әр магистрант өз болашағына қатысты ой түйіп, бағытын айқындап, көңілдегі биік мақсатқа бір табан жақындай түсті.

**Ләйлә НОҒАЙБЕКҚЫЗЫ,**  
«Әдебиеттану»  
мамандығының  
2-курс магистранты

## ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

1. Сіздіңше, ЖОО-ның «Үздік оқытушысы» қандай болуы керек, қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма, сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда қандай жетістіктеріміз бар?
4. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шыға ма?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?

### Қайрат МАРАТҰЛЫ,

Жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті м.а.:

# Ақпараттық мәдениетті дамыту абзал

1. Менің түсінігімде, үздік оқытушы терең кәсіби білімі, педагогикалық шеберлігі және студенттермен қарым-қатынас жасай білу қабілетімен ерекшеленуге тиіс. Ол заман талабына сай инновациялық әдістерді меңгерген, студенттердің қызығушылығын оятып, оларға қолдау көрсететін мейірімді әрі әділ тұлға болғаны абзал. Өйткені ұстаз қандай болса – оның тәрбиелеген, білім берген шәкірттері сондай болып шығады. Сондықтан қазіргі заманғы ұстаз үнемі өзін-өзі жетілдіріп, білімін әрдайым толықтырып отырғаны жөн. Үздік оқытушы болғаннан кейін атына заты лайық болып, ұжымда, көпшілік ортада өзгелерге үлгі-өнеге көрсететіндей болмыс-бітімнің де болуы қажет.

2. Біздің оқу бағдарламасы негізінен жақсы, бірақ оны үздіксіз жетілдіру қажет. Заманауи технологияларды, өзекті ғылыми жетістіктерді енгізу және тәжірибелік компоненттерді арттыру маңызды. Сондай-ақ студенттердің сыни ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар көбейтілуі керек. Себебі бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ел тұтқасын ұстайтын да солар. Сондықтан университеттен маманды білікті етіп дайындап шығару – біздің міндетіміз. Оқу бағдарламаларын барынша практикамен, өндіріспен ұштастыра өзірлеп, жетілдірудің мәні өте зор.

3. Бізде ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау, өндірістік тәжірибені ұйымдастыру және халықаралық ынтымақтастық аясында студенттерді шетелдік тағылымдамаларға жіберу сияқты жетістіктер бар. Сонымен қатар түлектеріміздің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы біздің оқытушыларымыздың жастармен бірлесе жүргізген еңбегінің жемісі деп санаймын. Осыған орай, қара шаңырақ ҚазҰУ оқытушылары жетістікті одан әрі арттыру жолында аянбай тер төгетініне кәміл сенімдімін.



4. Шынын айту керек, жастардың білім деңгейі өртүрлі. Кейбірі өте дарынды әрі білімді болса, басқаларына мотивация жетіспеуі мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін жеке тәсілдер қолдану және оқыту әдістерін жетілдіру қажет. Қалай болғанда да, жастарымыздың білімді болғаны керек. Өйткені сауатты жастар өмірде түрлі келеңсіздіктен бойын аулақ салады. Мысалы, діни ағымдардың, қаржылық пирамидалардың, бүгін бар да, ертең жоқ желілік бизнестің құрбаны болмайды. Қылмыс жасамайды, жаман әдеттен аулақ жүреді. Яғни жетістікке жетудің жеңіл жолын таңдамайды. Демек, білім – үлкен қару. Жақсы мағынасындағы қару. Сондықтан Қазақстан азаматтарының білімді, кітап оқитын жастары көп болса деген тілегім бар.

5. Бұл пікірмен толық келісу қиын. Қоғамда білім мен ақпаратқа қолжетімділік бұрынғыдан әлдеқайда жоғары. Дегенмен кейбір адамдардың ақпаратты талдау және дұрыс қолдану қабілеті төмендеуі мүмкін. Сондықтан сауаттылық тек білім алумен шектелмей, ақпараттық мәдениетті дамыту арқылы қолдау табуы тиіс.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

**Әлеуметтанушы дегенде, көбіміз көзімізге қандай маманды елестететінімізді және оның не істейтінін білмей жатамыз. Қарқынды әлеуметтік өзгерістер дәуірінде әлеуметтанушы мамандығы өзектілігін арттыра түсуде. Өйткені әлеуметтанушы – қоғамды, оның құрылымын, қызметін және өзгеруін зерттейтін ғылым.**

Әлеуметтанушыны суретші, сәулетші адамдардың бірі десек қателеспейміз. Бірақ оның қолында қылқалам мен кенептің орнына зерттеу құралдары болады. Ол пейзаж бен портрет салудың орнына қоғамдық өмірдің егжей-тегжей суретін жасап, дәлелденген, сенімді ақпаратты ұсынады. Оның кенебі – қоғам, ал бояуы – сауалнама, бақылау және эксперименттер арқылы жиналған деректер.

Әлеуметтанушы – адамдардың қалай өмір сүретінін, бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынын және әлеуметтік құрылымдарды қалайша қалыптастыратынын түсінуге тырысатын зерттеуші.

Енді әлеуметтанушыны адамның мінез-құлқының құпияларын зерттейтін детектив ретінде елестетіп көріңіз. Ол дәлелдер жинақтап, гипотезалар жасап қана қоймай, күрделі әлеуметтік жұмбақтарды ашу үшін логикалық тізбектер жасайды. Адамдардың сайлауда қалай дауыс беретінін, кейбір адамдар неге қылмысқа бейім екенін, белгілі бір мәселелер туралы қоғамдық пікірдің қалай қалыптасатынын зерттей алады. Бірақ әлеуметтанушыға жай бақылаушы ретінде қарау дұрыс емес. Ол неғұрлым әділ және үйлесімді қоғам құруға белсенді қатысады. Оның зерттеулері жаңа әлеуметтік бағдарламаларды жасауға, адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуға көмектеседі.

Әлеуметтану мамандығының тарихы АҚШ, Батыс Еуропа елдерінде тереңде жатқанымен, Қазақстанда енді-енді алдыңғы қатарлардан танылып келе жатқан жас ғылым. Қоғамдық ахуалды бақылап, анализ жасауды жаны сүйетін адамның таңдауы болып жатыр. Әлеуметтану ғылымы – әлеуметтік даму процестерінің логикасын түсіндіреді, адамға қоғамдағы орнын анықтауға, өмір жолын таңдауға және өмірлік перспективаларды анықтауға мүмкіндік беретін сала. Әлеуметтанушы мамандығының негізгі артықшылығы – ол бүгінде кез келген ұйымда жұмыс істей алады. Мысалы, маркетингтік агенттік, мемлекеттік органдар, мемлекеттік компания, кез келген саладағы коммерциялық ұйым.

Елімізде әлеуметтану-

# Әлеуметтанушы – әлемді танушы



шыларды даярлайтын жоғары оқу орындары біршама болғанымен, қазіргі таңда ең танымалы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультетінің Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы. Бұл кафедрада қазіргі таңда негізгі әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс, сонымен қатар магистратура бойынша еңбек әлеуметтану және HR басқару, әлеуметтік саясат және басқару секілді қоғамға қажетті мамандықтар оқытылады. Әлеуметтану кафедрасының қалыптасуы мен даму тарихы отандық әлеуметтану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалымдар, педагогтар және зерттеушілердің есімдерімен тығыз байланысты. Әлеуметтану ғылымының докторы, профессор Кеңес Биекенов басқарған кезең кафедраның кәсіби өлеуетін нығайтуға және ғылыми-зерттеу қызметін кеңейтуге негіз болды. Оның жетекшілігімен кафедра жаңа ғылыми бағыттарда жұмыс істеп, қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуына өз үлесін қосты. Профессор Н.Аитовтың аймақтық жоспарлау, әлеуметтік жобалау және жоспарлау саласындағы еңбектері ғылымның теориялық және әдіснамалық негізін қалады. Ал профессор М.Садырова кафедраның ғылыми бағыттарын жаңа деңгейге көтеріп, девиантология, жастар әлеуметтануы, гендерлік әлеуметтану және экономикалық әлеуметтану салаларында жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

2008 жылдан бастап кафедраны басқарып келе жатқан профессор Гүлмира Серікқызы әлеуметтанудың заманауи мәселелерін зерттеуді жалғастырып, кафедраның ғылыми және педагогикалық өлеуетін одан әрі арттыруда. Өр жылдары кафедрада қызмет еткен ғалымдар мен педагогтардың еңбегі ғылымның түрлі бағыттарын дамытуға негіз болды. Қазақстанда әлеу-

меттану ғылымының негізін салушылар қатарындағы белді ғалымдар мен профессорлар, сонымен қатар білікті педагог-ұстаздар осы кафедрада қызмет атқарады. Олардың ішінде девиантты мінез-құлық әлеуметтануын зерттеген Ш.Жаманбалаева, отбасы әлеуметтануын дамытуға үлес қосқан З.Жаназарова және басқа да профессор, доценттердің еңбегі ерекше орын алады.

Кафедраның қалыптасуы мен дамуы барысында көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалып, отандық әлеуметтану ғылымының іргетасы нығайды. Әлеуметтану кафедрасы Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар саласындағы жетекші орталықтардың біріне айналып, болашақта да өз жетістіктерін одан әрі нығайта береді.

Қазіргі уақытта әлеуметтанушы мамандығына сұраныс өте жоғары. Зерттеу жұмысы үшін әлеуметтанушыларға түрлі саладағы фирмалар, әсіресе сауда фирмалары жүгінеді. Социологиялық зерттеусіз бірде-бір лайықты сайлауалды штабтың жұмысы болған емес. Сайлаушылардың пікірі әрдайым мұқият зерттеледі, содан кейін ғана штабтың сайлауалды стратегиясы таңдалады. Сонымен қатар әлеуметтанушылар телеарналар мен баспа басылымдарының рейтингтерін құрумен айналысады.

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы өз жұмысында не нәрсеге баса назар аударады және неге? Әлеуметтанушы ұстаздар студенттің зерттеу, аналитикалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық жүйелеу мен талдау, болжау қасиеттерін шыңдап, болашақ әлеуметтанушыларға қоғамда өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді.

**Дана РАХЫМҒАЛИҚЫЗЫ, Әнел ӘЛІБЕКОВА,**  
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының 2-курс магистранттары

# Путь к успеху

## Через знания и вдохновение

На базе КазНУ состоялась международная научно-практическая конференция «Прагматический опыт развития стран Востока». Это значимое событие было посвящено сразу двум юбилеям: 70-летию заслуженного деятеля Казахстана, ученого-востоковеда, доктора исторических наук, профессора Алдабек Нуржамал Абдразакқызы, а также 90-летию самого КазНУ им. Аль-Фараби.



Конференция собрала ученых, дипломатов, государственных деятелей и представителей международных организаций. В мероприятии приняли участие постоянные представители и послы Казахстана в различных странах и международных организациях, представители консульств Китая и Ирана, а также коллеги профессора Алдабек, ее ученики и последователи. Модератором конференции был академик, доктор филологических наук, профессор Жангара Дадебаев.

Конференция началась с эмоциональных выступлений коллег и учеников профессора Алдабек. С поздравлениями и словами благодарности к профессору Нуржамал Абдразакқызы выступили ее ученики – люди, чьи профессиональные достижения стали наглядным свидетельством её педагогического мастерства и вдохновения. Среди выступающих были те, кто сегодня занимает высокие должности в министерствах, посольствах и консульствах, ректоры и деканы университетов, сотрудники КНБ, представители издательства, а также преподаватели, посвятившие себя науке и педагогике.

Кроме того зачитывались поздравительные письма представителей консульств и МИД РК, ректоров ВУЗов и директоров: Мурат Нуртилеу – заместитель премьер-министра РК – министр иностранных дел; Котхаваде Свапни – генеральный консул Республики Индия в Алматы; Алимбаев Ерлан – постоянный представитель Казахстана при отделении ООН и других международных организациях в Женеве (Швейцария); Гайпов Зулфухар – директор Института управления Академии государственного управления при Президенте РК, председатель Общественного совета столицы, член Национального курултая РК; Ержан Мукаш – управляющий директор НАО «Фонд соотечественников» МИД РК, заслуженный работ-

ник дипломатической службы РК; Кунанбаева Салима – ректор Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай-хана; Сыдықов Ерлан – председатель правления, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева; Киякбаев Зияш – генеральный директор ТОО «Қазгермұнай» БК; Масалимова Алия – вице-ректор по научной работе Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор, академик Академии педагогических наук РК; Сатыбалдиев Ерлан – генеральный директор издательства «Мектеп»; Тукумов Еркін – директор Казахского института стратегических исследований при Президенте РК; Сырлыбаев Болат – начальник Паспортно-визовой службы МИД РК в г. Урумчи (советник-представитель) и т.д.

А также прислали свои видеопоздравления ученики профессора Н.А.Алдабек: Нуршышев Ш.Ш. – чрезвычайный и полномочный посол Казахстана в Китайской Народной Республике и Корейской Народной-Демократической Республике; Исагалиев А.К. – чрезвычайный и полномочный посол Казахстана в государстве Катар; Аналбаев О.С. – чрезвычайный и полномочный посол Казахстана в Исламской Республике Иран; Койшыбаев Г.Б. – чрезвычайный и полномочный посол Казахстана в Монголии; Абишев А.Ж. – посол по особым поручениям МИД РК; Арын Б.С. – генеральный директор Исламской организации по безопасности пищевых продуктов.

Одним из ключевых моментов конференции стала презентация новых книг «Фибратты ғұмыр», «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» и «Қытай тарихы» профессора Алдабек Нуржамал Абдразакқызы. Ее труды – это результат многолетнего

труда и исследований, посвященных истории, культуре и экономике стран Востока. В книгах раскрываются малоизвестные аспекты взаимодействия стран Востока и Запада, анализируются современные вызовы и предлагаются новые подходы к их преодолению.

На мероприятии также состоялось торжественное награждение участников конференции и почетных гостей. Докладчики конференции получили сертификаты участия, золотыми медалями «Аль-Фараби», «Ерен еңбегі үшін» были награждены ученики профессора Алдабек – представители посольств РК за рубежом и дипломаты. Сама же профессор Алдабек Нуржамал Абдразакқызы удостоена престижной награды – большой золотой медали «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін». Это не просто знак уважения, но и высокое признание её выдающегося вклада в развитие КазНУ имени Аль-Фараби.

Завершающим аккордом конференции стала презентация видеofilmа, посвященного жизни и деятельности профессора Алдабек Нуржамал Абдразакқызы. Этот фильм стал сюрпризом для юбиляра и вызвал у всех присутствующих глубокие эмоции.

Завершая конференцию, участники выразили уверенность, что она станет основой для дальнейших научных открытий и укрепления международного сотрудничества, а имя профессора Алдабек Нуржамал Абдразакқызы будет вдохновлять еще многие поколения ученых.

**Алина НУРЖАЕВА,**  
PhD, ст. препод. кафедры  
китаеведения

**Жанар АШИНОВА,**  
к.и.н., доцент кафедры  
Дальнего Востока

